Еңбек нарығы бірегей болып келеді: жұмыс орындарында төрт ұрпақ қатар кездеседі. Бір командада немесе ұйымда бірнеше ұрпақ бірге жұмыс істеген кезде, табысты жұмыс істеу үшін қызметкерлерге не жетіспейтінін және оларға негізгі құзыреттілікті қалай дамытудың тиімді екенін болжау қиынға соғады[21].

Өзгерістердің жылдамдығы мен әртүрлілігі ұлғая түсуде және оқу өмір бойы адамның негізгі қызметіне айналады.

Білім беру жүйесі жас адамдар мен аға ұрпақ үшін оқуға деген қажеттіліктің, балаларға қарағанда өзектілігі кем емес екенін, бірақ әртүрлі жас үшін оқытудың ерекшеленетінін ескере отырып, барлық жастағыларды оқыту үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге тиіс.

это компетенции, непосредственно связанные с профессиональной деятельностью. Но «мягкие» навыки или так называемые soft skills не менее важны для успеха. Они очень важны для коммуникации, формирования отношения к труду и командной работы.

В XXI веке вклад hard skills в профессиональную успешность сотрудника составляет всего 15%, тогда как soft skills определяют оставшиеся 85% – таковы результаты исследования Гарвардского Университета и Стенфордского Исследовательского Института. В современном мире информации само по себе владение какими-то знаниями – статично, ведь они быстро устаревают. Гораздо важнее – уметь добыть необходимую информацию в нужный момент. Достойно ответить этому жесткому требованию рынка можно, овладев «мягкими» навыками.

Нынешнее время бросает молодежи и всем нам немало новых серьезных вызовов.

Рынок труда становится уникальным: на рабочих местах уже встречаются четыре поколения. И когда в одной команде или организации работают вместе несколько поколений, все сложнее спрогнозировать, чего не хватает сотрудникам для успешной работы, и как эффективнее им развивать ключевые компетенции[21].

Скорость и разнообразие изменений увеличивается, и обучение станет основной деятельностью человека на протяжении всей жизни.

Система образования должна обеспечивать равные возможности для обучения всех возрастов, учитывая, что потребность в обучении для молодых людей и старшего поколения не менее актуальна, чем для детей, но специфики обучения для разных возрастов отличаются.

[21] http://www.kazenergy.com/ru/operation/educational-program/156/1099/



3-талап
3-й вызов

# КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИЛІК

«Жастар және заман талабы»

# ЛИДЕРСТВО И ПРОФЕССИОНАЛИЗМ

«Молодежь и вызовы времени»

Орнықты дамуға мүдделі кез келген мемлекет сияқты Қазақстан жастардың әлеуетін іске асыру үшін қолайлы жағдайлар мен әлеуметтік лифтілер жасауға ұмтылады. Бұл ретте, өмірде табысқа жетуді қалайтын жастардың өздері басымдықтарды дұрыс қойып, өз рөлінің маңыздылығын түсінуге тиіс – өйткені еліміздің болашағы өз қолдарында. Сондықтан да олар шешім қабылдауға жауапты және өз болашағын ойлауға, білім деңгейін және кәсіби дағдыларын жетілдіруге, жеке басының өсуіне, өз алдына өршіл мақсаттар қоюға және осы мақсаттарға жету үшін бүгінгі таңда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылуға тиіс. Көшбасшылардан жаңа дағдылар мен шыдамдылық талап етіледі. Оларға көп уақытын, күш-жігері және шешендігін на-

Как и любое государство, заинтересованное в устойчивом развитии, Казахстан стремится создавать благоприятные условия и социальные лифты для реализации потенциала молодежи. При этом, сами молодые люди, желающие достичь успеха в жизни, должны правильно расставлять приоритеты и понимать значимость своей роли – ведь будущее нашей страны в их руках. Потому они ответственны за принятие решений и должны думать о своем будущем, стремиться к совершенствованию образовательного уровня и профессиональных навыков, личностному росту, ставить перед собой амбициозные цели и использовать все имеющиеся на сегодняшний день возможности для продвижения и достижения этих целей. От лидеров потребуются но-

ным-сенімге жұмсауға тура келеді, өйткені жас ұрпақ олармен сөйлескенге, оларға түсіндіргенге, оларға сендіргенге әдеттенген, олар тең қарым-қатынас жасағанды бағалайды.

Жаңа ұрпаққа жұмыс берушілердің қолайлы ахуал қалыптастыруы, өз қызметкерлерін бағалауы және олардың жетістіктерін байқауы, көшбасшылардың қызықты және жарқын тұлғалары болуын үйретуі маңызды. Жас мамандардың жұмысқа деген көзқарасы өте өзгеше: олар үшін бұл өмір салтының бір бөлігі ғана[22].

Қазіргі уақытта білім алу, өзгерістерге жылдам бейімделу және барлық деңгейде, яғни жергілікті және халықаралық деңгейде ынтымақтаса білу сияқты қасиеттер алдыңғы орынға шығуда (айтпақшы, дәл осы себептен 5-10 жылдан кейін ағылшын тіліне меңгермеген немесе ағылшын тілі әлсіз болған іздеушілер аз сұранысқа ие болады).

Көшбасшылықты дамыту көбінесе өңірлік және ұлттық еңбек және жұмыспен қамту нарықтарындағы ғана емес, әлемдік экономикалық нарықтағы да жоғары бәсекелестікпен, ел азаматтары мен болашақ ұрпаққа лайықты өмір сүру сапасын қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Сондықтан, жаңа жас көшбасшыны қалыптастыру міндеті қоғам үшін аса маңызды.

Көшбасшының шеберлігі өзіне деген сеніммен келеді, ал өзін көшбасшы ретінде дамыту өзінің негізгі нанымдарын, құндылықтарын ұғынудан басталады. Мұның бәрі сөз бен іс-әрекет бір-бірімен үйлесетін көшбасшыны және әлеуметтік-бағытталған ұстанымдар айқын үйлесімді көшбасшыны көрсету үшін де қажет. Ұйым персоналының дарындылығы жеке немесе ұжымдық жаңа идеялар мен перспективаларды қалыптастыратыны құпия емес. «Таланттарды басқару» термині білікті

вые навыки и больше терпения. Им придется больше времени, усилий и красноречия тратить на убеждения, так как молодое поколение привыкло, чтобы с ними разговаривали, объясняли им, убеждали их, они ценят общение на равных.

Новому поколению важно, чтобы работодатели создавали доброжелательную атмосферу, ценили своих сотрудников и замечали их успехи, обучали, чтобы лидеры были интересными и яркими личностями. У молодых специалистов совсем иное отношение к работе: для них это лишь часть образа жизни[22].

В настоящее время на первый план выходят такие качества как обучаемость, быстрая адаптация к изменениям и умение сотрудничать – на всех уровнях, т.е. и местном, и международном (кстати, именно по этой причине через 5-10 лет соискатели без английского языка или со слабым английским будут становиться все менее востребованными).

Развитие лидерства во многом обусловлено высокой конкуренцией не только на региональном и национальном рынках труда и занятости, но и на мировом экономическом рынке, необходимостью обеспечить достойное качество жизни гражданам страны и будущим поколениям. В связи с этим задача формирования нового молодого лидера стала особенно важна для общества.

Мастерство лидера приходит с верой в себя, а развитие себя как лидера начинается с осознания своих ключевых убеждений, ценностей. Все это необходимо и для того, чтобы демонстрировать гармоничного лидера, лидера, у которого слова и поступки согласуются друг с другом и очевидны социально-ориентированные установки. Не секрет, что талант персонала организации индивидуально или коллективно генерирует новые

[22] https://www.forbes.ru/karera-i-svoy-biznes/363289-cena-svobody-pochemu-molodezh-ne-mozhet-nayti-rabotu



қызметкерлерді тартумен, қызметкерлерді оқытумен және ұстап қалумен айналысатын корпоративтік HR-менеджмент саласындағы ең маңызды негізгі ұғымдардың бірі болды. Ақырында, біздің қазіргі әлеуметтік желілер дамыған уақытта табысты жеке брендтің, белсенді нетворкингтің, өзін-өзі таныстыру дағдысының, көпшілік алдында сөз сөйлеу мен келіссөздер жасаудың маңыздылығын асыра бағалауға болмайды. Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы жастардың бойында көшбасшылық және белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыруға ықпал етеді, бұл олардың экономикалық өнімділігіне, сондай-ақ қазіргі қарқынды дамып келе жатқан әлемде жеке тиімділігіне көмектеседі. World Economic Forum-ның «The Future of Jobs Report 2018» есебінің деректеріне сәйкес[23] автоматтандыру нәтижесінде әлемде бес миллионға жуық жұмыс орны жоғалады. Бағдарламалық қамтымды әзірлеушілерге, компьютерлік жүйелердің талдаушыларына, адами капиталды оқыту және талдау саласындағы сарапшыларға сұраныс артады. Сондай-ақ болашақ қызметкерлер мен көшбасшылардың дағдылары өзгереді, олар бірінші кезекте бизнесте талап етіледі: саналылық, ойлаудың икемділігі, сын тұрғысынан ойлау, креативтік, эмоциялық интеллект және адамдарды басқара білу.

**КӨШБАСШЫЛЫҚ – БҰЛ «МЕН» ЕМЕС, «БІЗ» ДЕГЕН СӨЗ[24]. XXI ҒАСЫРДЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ ЖҮЙЕЛІ ОЙЛАЙ БІЛУІ ЖӘНЕ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗІН ЖАЙЛЫ СЕЗІНЕ БІЛУІ ҚАЖЕТ. VUCA ОРТАСЫНЫҢ ЖАҢА ЖАҒДАЙЛАРЫ ОҚШАУЛАНҒАН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНЕН КЕШЕНДІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІНЕ КӨШУДІ ТАЛАП ЕТЕДІ.**

идеи и перспективы. Термин «управление талантами» стал одним из наиболее важных ключевых понятий в области корпоративного HR-менеджмента, который занимается привлечением квалифицированных работников, обучением и удержанием персонала. Наконец, в наше время развитых социальных сетей, нельзя переоценить важность построения успешного личного бренда, активного нетворкинга, навыков самопрезентации, публичных выступлений и переговоров. Все вышеуказанное способствует формированию лидерской и проактивной жизненной позиции у молодых людей, что поможет их экономической продуктивности, а также личной эффективности в современном динамично развивающемся мире. Согласно данным отчета World Economic Forum «The Future of Jobs Report 2018[23] » в результате автоматизации в мире исчезнут около пяти миллионов рабочих мест. Вырастет спрос на разработчиков программного обеспечения, аналитиков компьютерных систем и экспертов в сфере обучения и развития человеческого капитала. Также изменятся навыки будущих сотрудников и лидеров, которые в первую очередь, будут востребованы бизнесом: осознанность, гибкость мышления, критическое мышление, креативность, эмоциональный интеллект и умение управлять людьми.

**ЛИДЕРСТВО ЭТО НЕ ПРО «Я», А ПРО «МЫ»[24]. ЛИДЕРАМ XXI-ГО ВЕКА НУЖНО УМЕТЬ СИСТЕМНО МЫСЛИТЬ И ЧУВСТВОВАТЬ СЕБЯ КОМФОРТНО В СИТУАЦИЯХ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ. ПОЛУЧАЕТСЯ, ЧТО НОВЫЕ УСЛОВИЯ СРЕДЫ VUCA ТРЕБУЮТ ПЕРЕХОДА ОТ ИЗОЛИРОВАННЫХ ПОВЕДЕНЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ К СПОСОБНОСТИ МЫСЛИТЬ КОМПЛЕКСНО.**

[23] https://www.talenttalks.net/world-economic-forum-2018/
[24] https://www.trn.ua/articles/9972/

Бұл, өз кезегінде, тез білім алу, өзін-өзі тану, белгісіздік жағдайында өзін жайлы сезіну және стратегиялық ойлау сияқты бейімделу құзыреттіліктерінің болуын көздейді[25].

ҒАЛЫМДАР БЫЛАЙ ДЕЙДІ: «ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ҮНЕМІ ӨЗГЕРІП ОТЫРАТЫН ӘЛЕМДЕ ТӨЗІМДІ ЖӘНЕ БЕЛГІСІЗДІККЕ ШЫДАМДЫ АДАМДАР ҒАНА ЖАЙЛЫ ӨМІР СҮРЕДІ»[26].

VUCA әлем адамдарына тән ерекшелік – оларға барлық жағдайларға мұқият жауап беруге, жеке құлау кезінде дүрбелеңге түспеуге мүмкіндік беретін өзін-өзі барабар бағалау. VUCA ортасында көшбасшылық қасиеттер – бұл адамның сапасы.

Көшбасшылық қасиеттердің дамуымен бірге кәсібилік сияқты сапаны атап өтпеуге болмайды. Кәсібилік кейбір адамдардың өз жұмысын жоғары деңгейде – жүйелі, тиімді және сенімді орындау қасиетін сипаттайды. Адам арнайы дайындық пен ұзақ жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде кәсібилікке ие бола алады, кейде кәсібилікке ие бола алмай, тек кәсіп иесі ретінде «қалуы» мүмкін. Кәсібилікті алу үшін тиісті қабілеттер, ниет пен мінез, үнемі оқуға және өз шеберлігін жетілдіруге дайын болу қажет .

Құзыреттіліктің бар екендігі туралы адамның еңбек нәтижесінің сипаты бойынша айту ұсынылады. Әрбір қызметкер өзі орындайтын жұмыс осы кәсіптік қызметтің түпкілікті нәтижесіне қойылатын талаптарға жауап беретін дәрежеде құзыретті; түпкілікті нәтижені бағалау немесе өлшеу – бұл құзыреттілік туралы пікірдің жалғыз ғылыми тәсілі.

Кәсіби болып табылатын адамдар өз өмірін мамандық алға қойған міндеттерді шешу үшін өздеріндегі негіздер мен мүмкіндіктерді барынша пайдаланатындай етіп жасауға ұмтылады. Бұл ретте осы кәсібилердің айналасындағы жағдай да міндетті түрде ескеріледі.

КӘСІБИЛІКТІ КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕРДЕ КӘСІБИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІН НЫҒАЙТАТЫН ЖӘНЕ ҚОЛДАЙТЫН ОЙЛАУ ТӘСІЛІ, ӨМІРЛІК СТИЛЬ ДЕП ТОЛЫҚ АТАУҒА БОЛАДЫ.

Кәсібилік, ең алдымен, практикалық дағдылармен және жинақталған тәжірибемен анықталады. Қоғамда өзін іске асырғысы келетін адамдарға көп жағдайда кәсібилік жетіспей жатады, ал басқаларға қарағанда тиімді көшбасшы болу – бұл басқаларды өз соңынан ерте білу, сондай-ақ өзіне қатысты тиімді көшбасшы болу – бұл өзін-өзі ұстай білу және өз тиімділігін басқару. Нағыз көшбасшылар EQ – эмоциялық интеллектінің жоғары деңгейіне ие. Бұл адамдар орындаушының жұмысын орындай алмауы мүмкін, бірақ басқаларға тапсырма бере алады, нәтиже үшін жауапкершілік алады және шешім қабылдай алады.

Это, в свою очередь, предполагает наличие таких адаптивных компетенций, как быстрая обучаемость, самосознание, умение чувствовать себя комфортно в ситуациях неопределенности и стратегическое мышление[25].

УЧЕНЫЕ ГОВОРЯТ: «НАИБОЛЕЕ КОМФОРТНО В НОВОМ ИНФОРМАЦИОННО АКТИВНОМ И ПОСТОЯННО МЕНЯЮЩЕМСЯ МИРЕ ЖИВЕТСЯ ЛЮДЯМ ТОЛЕРАНТНЫМ И ТЕРПЕЛИВЫМ К НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»[26].

Характерная черта людей VUCA мира – адекватная самооценка, которая позволяет им трезво реагировать на все обстоятельства, не впадать в панику при личных провалах. В среде VUCA лидерские качества – это качества человека.

Вместе с развитием лидерских качеств нельзя не отметить такое качество как профессионализм. Профессионализм характеризует свойство некоторых людей выполнять свою работу на высоком уровне – систематически, эффективно и надежно. Человек может приобрести профессионализм в результате специальной подготовки и долгого опыта работы, а может и не приобрести профессионализм, а лишь «числиться» профессионалом. Для приобретения профессионализма необходимы соответствующие способности, желание и характер, готовность постоянно учиться и совершенствовать свое мастерство[27].

Судить о наличии компетентности предлагается по характеру результата труда человека. Каждый работник компетентен в той степени, в какой выполняемая им работа отвечает требованиям, предъявляемым к конечному результату данной профессиональной деятельности; оценка или измерение конечного результата – это единственный научный способ судить о компетентности.

Люди, которые являются профессионалами, мыслят и стремятся к тому, чтобы выстроить собственную жизнь так, чтобы по максимуму задействовать имеющиеся у них задатки и возможности для решения задач, поставленных профессией. При этом обязательно учитывается ситуация, в которой эти профессионалы находятся.

ПРОФЕССИОНАЛИЗМ СМЕЛО МОЖНО НАЗВАТЬ ОБРАЗОМ МЫШЛЕНИЯ, ЖИЗНЕННЫМ СТИЛЕМ, КОТОРЫЕ ПОДКРЕПЛЯЮТ И ПОДДЕРЖИВАЮТ ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ НА ПОСЛЕДУЮЩИХ ЭТАПАХ.

Профессионализм определяется, в первую очередь, именно практическими навыками и накопленным опытом. Часто людям, которые хотят реализовать себя в обществе, не хватает не профессионализма, а умения быть эффективным лидером как по отношению к другим – вести за собой, так и по отношению к себе – вести себя и управлять своей эффективностью. Настоящие лидеры обладают высоким уровнем EQ – эмоциональным интеллектом. Эти люди могут не уметь выполнять работу исполнителя, но умеют делегировать, брать ответственность за результат и принимать решения.

[25] https://www.ccl.org/wp-content/uploads/2016/09/futureTrendsRussian.pdf
[26] https://mn-zd.ru/interesno/vuca-mir-chto-eto-i-kakovy-ego-xarakteristiki/

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КӘСІПТЕР АТЛАСЫ бойынша EdTour

# EdTour по АТЛАСУ НОВЫХ ПРОФЕССИЙ КАЗАХСТАНА






**САЯСАТ НУРБЕК**
Руководитель проекта разработки Атласа новых профессий Казахстана

**САЯСАТ НҰРБЕК**
Қазақстанның Жаңа кәсіптер атласын әзірлеу жобасының жетекшісі

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫН АТА-АНАЛАР КЕҢЕСІН ТЫҢДАП НЕМЕСЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ БАҒДАРЛАЙ ОТЫРЫП ТАҢДАЙДЫ. БІР БӨЛІГІ ТЕК МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ АЛУҒА БОЛАТЫН МАМАНДЫҚҚА ТҮСЕДІ. ЖОО БІТІРГЕНДЕРДІҢ КӨПШІЛІГІ КӘСІБІ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ, ӨЙТКЕНІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ӨЗДЕРІНЕ ОРЫН ТАППАДЫ НЕМЕСЕ ЖЫЛДАР БОЙЫ ОҚЫҒАН МАМАНДЫҒЫ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚПАЙДЫ.

ВЫПУСКНИКИ ШКОЛ ВЫБИРАЮТ БУДУЩУЮ СПЕЦИАЛЬНОСТЬ, ПРИСЛУШИВАЯСЬ К СОВЕТУ РОДИТЕЛЕЙ ИЛИ ОРИЕНТИРУЯСЬ НА ТЕКУЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЛ НА РЫНКЕ ТРУДА. ЧАСТЬ ПРОСТО ПОСТУПАЕТ НА ТУ СПЕЦИАЛЬНОСТЬ, ГДЕ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГРАНТ. МНОГИЕ ИЗ ОКОНЧИВШИХ ВУЗЫ РАБОТАЮТ НЕ ПО ПРОФЕССИИ, ПОСКОЛЬКУ НЕ НАШЛИ СЕБЕ МЕСТА НА РЫНКЕ ТРУДА ИЛИ ЖЕ СПЕЦИАЛЬНОСТЬ, НА ОБУЧЕНИЕ КОТОРОЙ ПОТРАЧЕНЫ ГОДЫ, ПРИШЛАСЬ НЕ ПО ДУШЕ.

Бүгінгі түлектер ЖОО-ға түскен кезде өзінің болашақ мамандығы не екенін түсінбейді. Олар технологиялардың өзгеруіне қарай пайда болатын жаңа мамандықтар ұсынған кезде одан да әрі абыржып қалады.

Жаһандық цифрландыру тіршілік әрекетінің барлық салаларын қозғады, бұл кәсіби салаларға да қатысты. Цифрлық экономика жағдайында еңбек нарығы да өзгереді – ескілері жаңартылып, жаңа кәсіптер пайда болып жатыр[28].

Қазақстанда Жаңа кәсіптер атласын әзірлеуге алғашқы қадам жасалды. Оны әзірлеуші авторлардың бірі – BTS Digital компаниясы Білім беру орталығының жетекшісі Саясат Нұрбек.

Сегодняшние выпускники при поступлении в ВУЗы не совсем понимают, что представляет собой его будущая специальность. В еще большем замешательстве они оказываются, когда им предлагают новые специальности, которые возникают по мере изменения технологий.

Глобальная цифровизация затронула все сферы жизнедеятельности, это касается и профессиональных областей. В условиях цифровой экономики меняется и рынок труда – обновляются старые и появляются новые профессии[28].

Первый шаг к разработке Атласа новых профессий в Казахстане уже сделан. И одним из авторов его разработки является Саясат Нурбек, руководитель Образовательного центра компании BTS Digital.




**Саясат Нұрбек:** «Жастар жылы біз жұмыспен қамтуға, жұмысқа орналастыруға, жас ұрпақтың өз болашағының қарсаңында дұрыс таңдау жасауына жағдай жасауымыз керек. Бір қате қадам еңбек нарығын бұза бастайды, профицит мамандықтардың саны көптеп қалыптаса бастайды, бірқатар мамандықтар бойынша елеулі салалық тапшылық туындайды. Мұндай жағдайдың туындауына жол бермеу үшін атлас жасау қолға алынды».

**Саясат Нурбек:** *«В Год молодежи мы должны очень серьезное внимание уделить занятости, трудоустройству, создать такие условия, чтобы молодое поколение делало правильный выбор на пороге своего будущего. Один неверный шаг начинает деформировать рынок труда, образуется большое количество профицитных специальностей, возникает серьезный отраслевой дефицит по ряду профессий. Не допустить возникновения подобной ситуации и призван атлас».*

[28] https://hh.kz/.HeadHunter



2015 жылы Ұлыбритания Үкіметін лайықты карттыққа ақша жинап үлгерген адамдар санының жыл өткен сайын азая бастағаны алаңдатты.

Шамамен 2008 жылдан бастап көптеген адамдар жоғары табысты жұмыс іздеуді тоқтата бастады,тиісінше табысы төмен халықтың деңгейі артты. Зерттеу барысында Deloitte[29] компаниясы шешім қабылдаудың бірнеше түйінді нүктелерін анықтады. Мысалы, мамандық таңдау, үй сатып алу, несие ресімдеу, өмірлік серігін таңдау, бұл өз әлеуетін іске асыру үшін адам өмірін оң траекторияға немесе керісінше бұруға әсер ететін негізгі факторлар.

Deloitte жүргізілген зерттеу негізінде тиімсіз, прагматикалық емес шешімдерді болдырмау үшін халықтың шешім қабылдауын қолдау бағдарламасының құралдарын құру туралы Ұлыбритания Үкіметіне ұсыныс білдірді.

**АТЛАС – БҰЛ, БІРІНШІДЕН, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ. АДАМ ӨЗІНІҢ ӨМІРЛІК ЖОЛЫН ТАҢДАУДЫҢ АЛДЫНДА ТҰР, ОЛ КІМ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ, НЕМЕН АЙНАЛЫСҚЫСЫ КЕЛЕДІ.**

Қазақстан үшін мамандықтарды таңдау бойынша әлемдегі тәсілдер мен әдіснамаларға кең талдау жасай отырып, Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 2008 жылғы «Skills technology foresight» әдіснамасы негізге алынды, оны 2014 жылы Ресейде Стратегиялық бастамалар агенттігі мен «Сколково» Мәскеу мектебі әзірлеген. Бұл әдіснама кез-келген салада, кез-келген жұмыс орнында белгілі бір факторлардың ықпалымен нақты мамандық құзыретінің бейіні қалай

В 2015 году Правительство Великобритании озаботилось тем, что с каждым годом количество людей все меньше стало успевать накапливать деньги на достойную старость.

Приблизительно с 2008 года все больше людей переставало искать высокодоходную занятость, соответственно возрастал уровень низкодоходного населения. В ходе исследования компанией Deloitte[29] были выявлены несколько ключевых точек принятия решений. К примеру, выбор профессии, покупка дома, оформление кредита, выбор спутника жизни, это ключевые факторы, которые могут развернуть жизнь человека в положительную траекторию для реализации своего потенциала, либо наоборот.

На основе проведенного исследования Deloitte вынес рекомендации для Правительства Великобритании о создании инструментов программы поддержки принятия решений населением во избежание нерационального, непрагматичного решения.

**АТЛАС – ЭТО, ВО-ПЕРВЫХ, СИСТЕМА ПОДДЕРЖКИ ПРИНЯТИЯ РЕШЕНИЙ. ЧЕЛОВЕК СТОИТ ПЕРЕД ВЫБОРОМ СВОЕЙ ЖИЗНЕННОЙ ТРАЕКТОРИИ, КЕМ БЫ ОН ХОТЕЛ БЫТЬ, ЧЕМ ЗАНЯТЬСЯ.**

Проведя обширный анализ подходов и методологий в мире по выбору профессий для Казахстана, за основу взята методология Международной организации труда (МОТ) 2008 года «Skills technology foresight», которую разработали в 2014 году в России Агентство стратегических инициатив и московская школа «Сколково». Эта методология позволяет любую отрасль, любое рабочее место примерить, посмотреть и понять, как

[29] Deloitte (Делойт) – Консалтинг және аудит саласында қызмет көрсететін компаниялардың халықаралық желісі.
[29] Deloitte (Делойт) – международная сеть компаний, оказывающих услуги в области консалтинга и аудита.

| Революциялар Революции | Кезеңдер Период | Серпілістер Прорывы | Салдар Последствия |
|---|---|---|---|
| Аграрлық<br><br>Аграрная | 10 мың жыл бұрын<br><br>10 тысяч лет назад | Егіншілікке көшу, жануарларды қолға үйрету, өндіріс үшін жануарлар мен адамдардың күшін қосу, тасымалдау<br><br>Переход к земледелию, одомашнивание животных, соединение силы животных и людей для производства, транспортировки | Тамақ өнімдерінің, халықтың өсуі, урбандалу<br><br>Рост продуктов питания, населения, урбанизация |
| Бірінші өнеркәсіптік<br><br>Первая промышленная | 1760-1840 жж.<br><br>1760 – 1840 гг. | Бу қозғалтқышының өнертабысы, темір жол құрылысы<br><br>Изобретение парового двигателя, строительство железных дорог | Өндірісті механикаландыру<br><br>Механизация производства |
| Екінші өнеркәсіптік<br><br>Вторая промышленная | XIX ғ.аяғы - XX ғ.басы<br><br>Конец XIX начало XX вв | Электрдің, телефонның пайда болуы (1,3 млрд. адам әлі күнге дейін электрге қол жеткізе алмай отыр)<br><br>Появление электричества, телефона (1,3 млрд. людей до сих пор не имеют доступа к электричеству) | Электрлендіру, индустрияландыру, конвейер<br><br>Электрификация, индустриализация, конвейер |
| Үшінші (цифрлық)<br><br>Третья (цифровая) | 1960 жылдар<br><br>1960-е гг. | Жартылай өткізгіштерді, ЭЕМ, ДК және Интернетті дамыту (4 млрд. адамның интернетке қолжетімділігі жоқ)<br><br>Развитие полупроводников, ЭВМ, ПК и Интернет (4 млрд. людей не имеют доступа к Интернет) | Цифрландыру, автоматтандыру, робототехника<br><br>Цифровизация автоматизация, робототехника |
| Төртінші өнеркәсіптік<br><br>Четвертая промышленная | Қазіргі кезең<br><br>Наше время | **Блоктар: физикалық** – ұшқышсыз аппараттар, 3D-басып шығару, робототехника, жаңа материалдар **цифрлық** – «Интернет заттар», ЖИ, блокчейн **биологиялық** – биологиялық инженерия<br><br>Блоки: **физический** – беспилотники, 3D-печать, робототехника, новые материалы **цифровой** «Интернет вещей», ИИ, блокчейн **биологический:** биологическая инженерия | Барлық жүйелердің, елдердің, компаниялардың, салалар мен қоғамның жаһандық сыртқы және ішкі өзгерістері<br><br>Глобальные внешние и внутренние изменения всех систем, стран, компаний, отраслей и общества |



өзгеретінін көруге, қарауға және түсінуге мүмкіндік береді.

Әлемдегі өзгерістер 2018 жылмен салыстырғанда терең және түбегейлі бола бастады. Соңғы 20 жылда тарихи уақыттың үдеуі деп аталатын феномен қалыптасты. Егер бұрын технологиялық үрдістер ғасырлар бойы қалыптасса, мысалы, империяның ыдырауы, қазір – бір жылдың ішінде болады, мысалы КСРО ыдырауы. Адамзаттың алдында пайда болып жатқан проблемалар түбегейлі бола бастады, бұл жаңа проблемалар, олардың пайда болу табиғаты өзгеше, бұл бұрын оларды шешу бойынша тәжірибесі жоқ проблемалар.

Пайда болған трендтер (тарихи уақыттың үдеуі және түбегейлі проблемалар) еңбек нарығына, білім беру моделіне, бәсекелестікке, жалпы технологиялық процеске әсер етеді және анықтайды.

Соңғы 5-10 жылда шарттар тез өзгерді. Ақпарат көбейді, оқиғалар мен технологиялық өзгерістердің жылдамдығы әлдеқайда жоғары, қазір қандай да бір процеске әсер ететін, болып жатқан оқиғалардың, жағдайлар мен факторлардың тығыздығы әлдеқайда күрделі және оларды болжау мүмкін емес.

Бұл процессті Дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы Клаус Шваб нақты сипаттаған, ол: «Біздің өмірімізге басып кіре бастаған Төртінші өнеркәсіптік революция оны түбегейлі өзгертеді», – деді. Бұл өзгерісті трансформациялық революция деп те атауға болады. Өз кезегінде Билл Гейтс те былай атап өтті: «Адамдар, әдетте, жақын арадағы 2 жылда не өзгеретінін асыра бағалайды, бірақ алдағы 10 жылда не өзгеретінін жете бағаламайды». Мысалы, Инстаграмм бүгінгідей танымал болмаған кездегі осыдан 10 жыл бұрынғы өмірімізді алайық. Адамзат алғаш рет

меняется профиль компетенции конкретной профессии под влиянием тех или иных факторов.

Изменения в мире стали глубже и радикальнее по сравнению с 2018 годом. В последние 20 лет стал формироваться так называемый феномен ускорения исторического времени. Если раньше технологические процессы занимали века, например, распад империи, то сейчас – годы, например распад СССР. Возникающие перед человечеством проблемы стали более радикальные, это новые проблемы, их природа возникновения другая, это проблемы, где отсутствует опыт по их решению в прошлом.

Появившиеся тренды (ускорение исторического времени и радикальные проблемы) определяют и влияют на рынок труда, модель образования, конкуренцию, технологический процесс в целом.

В последние 5-10 лет, условия быстро поменялись. Информации стало больше, скорость событий и технологических изменений намного выше, плотность происходящих событий, ситуаций и факторов, которые влияют теперь на тот или иной процесс, стала намного сложнее и непредсказуемой.

Наиболее четко данный процесс процитирован Клаусом Швабом, основателем Всемирного экономического форума, который сказал, что: «Четвертая промышленная революция, которая начинает вторгаться в нашу жизнь, фундаментально изменит ее». Данное изменение можно назвать еще как трансформирующая революция. В свою очередь Билл Гейтс также отметил, что: «Люди всегда, как правило, переоценивают то, что поменяется в ближайшие 2 года, но сильно недооценивают то, что изменится в ближайшие 10 лет». К примеру, возьмем нашу жизнь 10 лет назад, когда Инстаграмм не был так популярен как сегодня. Впервые чело-

физикалық және виртуалды (цифрлық) әлемде, екі шындықта өмір сүре бастады.

Мәселе еңбек нарығындағы өзгерістерге Қазақстанның дайындығында емес.

Бұл өзгерістер жүріп жатыр, олар бізге тікелей әсер ете бастайды, осыдан 5-7 жыл бұрын болмаған кәсіптер пайда бола бастайды. Егер бұрын адамға қандай да бір саналы мансап жолының 15-30 жылы үшін базалық кәсіп жеткілікті болса, қазір орта есеппен 5-7 есеге дейін, тіпті Қазақстан нарығында да адам әлдебір қызмет саласын, жұмыс орнын өзгертеді. Өкінішке орай, еңбек нарығында не өзгеретінін түсіну үшін қарапайым қолданбалы құрал әзірге жасалған жоқ.

Қазақстан кәсіптер атласын әзірлеу үшін экономиканың 9 басым саласы анықталды: мұнай-газ, тау-кен, тау-кен металлургия, IT-телекоммуникациялар, құрылыс, ауыл шаруашылығы, машина жасау, өңдеу және жеңіл өнеркәсіп.

Осы салаларда құзыреттіліктің өзгеруіне қандай үрдістер, трендтер әсер ететінін және таяудағы 5-10 жылда әрбір сала бойынша нарықта қандай жаңа құзыреттер пайда болатынын, ал қандай құзыреттер жойылып, қандай өзгерістер болатынын түсіну үшін жұмыс жетекші сарапшылармен, кәсіпорындармен, зауыттармен тығыз ынтымақтастық жасауды көздейді.

Бірінші кезеңде 100 базалық кәсіптер қамтылатын болады.

Осы салалардағы барлық негізгі, базалық кәсіптер үш санат тұрғысынан қаралатын болады. Біріншісі: «кәсіптер-зейнеткерлер», яғни жұмыс орнының өзгеруімен, технологиялық автоматтандырумен, механикаландырумен, технологиялық жаңалықтармен сөзсіз баяу жоғалып кететін кәсіптер, екіншісі: қазір өзгеріп жатқан кәсіптер және үшіншісі: жаңа кәсіптер, яғни пайда болатын кәсіптер.

Сала бойынша немесе кәсіпорын бойынша немесе қандай да бір кәсіпорын тобы бойынша foresight-зерттеулер үшін осы кәсіпорын үшін, осы сала үшін ең көп кадрларды дайындайтын оқу орындары – колледждер, ЖОО міндетті түрде тартылады.

вечество стало жить в двух реальностях, в мире физическом и виртуальном (цифровом).

Вопрос не в том, готов ли Казахстан к изменениям рынка труда.

Эти изменения идут, они уже начинают напрямую влиять и на нас, начинают появляться профессии, которых 5-7 лет назад не было. Если раньше человеку достаточно было базовой профессии на 15-30 лет какого-то осмысленного карьерного пути, то сейчас в среднем уже до 5-7 раз, даже на рынке Казахстана, человек уже меняет какую-то сферу деятельности, место работы. Простого прикладного инструмента для того, чтобы понимать, что меняется на рынке труда, к сожалению, пока нет.

Для разработки Атласа новых профессий Казахстана были определены 9 приоритетных отраслей экономики: нефтегазовая, горнорудная, горно-металлургическая, IT-телекоммуникации, строительство, сельское хозяйство, машиностроение, обрабатывающая и легкая промышленность.

Работа предусматривает тесное сотрудничество с ведущими экспертами, предприятиями, заводами для того, чтобы понять какие тенденции, тренды влияют на изменение компетенций в этих отраслях, и в ближайшие 5-10 лет какие новые компетенции появятся на рынке по каждой отрасли, а какие компетенции исчезнут и какие будут меняться.

На первом этапе будут охвачены порядка 100 базовых профессий.

И все ключевые, базовые профессии в этих отраслях будут рассматриваться с точки зрения трех категорий. Первые: «профессии-пенсионеры», то есть, те профессии, которые неизбежно под изменением рабочего места, под технологической автоматизацией, механизацией, технологическими новшествами будут потихоньку исчезать, вторые: профессии, которые уже меняются и третьи: новые профессии, то есть, те профессии, которые будут появляться.

Для foresight-исследований по отрасли или по предприятию, или по какой-то группе предприятий, обязательно вовлекаются те учебные заведения – колледжи, ВУЗы, которые готовят больше всего кадров для этого предприятия, для этой отрасли.

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА КӘСІПТЕР АТЛАСЫН ҚҰРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ / ВЫЗОВЫ И ПРЕДПОСЫЛКИ СОЗДАНИЯ АТЛАСА НОВЫХ ПРОФЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Экономика үшін қажетті құзыреттер/дағдылар мен біліктіліктерді **болжауда** жүйелілік жоқ<br><br>Нет системности в **прогнозировании** потребных компетенций/навыков и квалификаций для экономики | Жаһандық нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін **«цифрлық экономикаға»** көшудің қажеттілігі<br><br>Необходимость перехода в **«цифровую экономику»** для сохранения конкурентоспособности на глобальных рынках | **Технологиялық өзгерістердің** өсу жылдамдығы және оларды нарыққа енгізу<br><br>Растущая скорость **технологических изменений** и их внедрение на рынке | Нарық қажеттіліктері мен классикалық білім беру бағдарламалары арасындағы өсіп келе жатқан **алшақтық**<br><br>Растущий **разрыв** между потребностями рынка и классическими образовательными программами |
| **Жұмысшы кәсіптердің имиджін** арттыратын тиімді құралдар жоқ<br><br>Нет эффективных инструментов, повышающих **имидж рабочих профессий** | Білім беру **4.0 индустрияның** басталуынан туындайтын сын-тегеуріндерге **дайын емес**<br><br>Образование **не готово** к вызовам, возникающим от наступления **Индустрии 4.0** | Біліктіліктің теңгерімсіздігі және жұмыс күші **Дағдыларының сәйкессіздігі**<br><br>Дисбаланс квалификаций и **несоответствие навыков** рабочей силы | Қазақстандық білім беру жүйесінің **талап етілмеуі**<br><br>**Невостребованность** системы казахстанского образования |




## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ҮШІН ЖАҢА ТАЛАПТАР

Ең көп сұранысқа ие мамандықтар **осыдан 10 жыл бұрын болған жоқ**

5 жылдан кейін еңбек нарығындағы **дағдылардың үштен бірінен астамы цифрлық трансформацияға** байланысты **өзгереді**

2020 ж. қарай **5 млн. білікті жұмыс орны** қысқарады

2030 ж. қарай **800 млн. жұмыс орны** роботтармен ауыстырылады

2026 ж. қарай мектеп түлектері 2017 ж. үлгідегі **кәсіптердің 65%-ы** болмайды

Бүгінде әр **3-5 жылда** бір рет жаңа кәсіп пайда болады. Бұрын – әр 20-30 жылда

Елдің бәсекеге қабілеттілігі жаңа сұраныстарға **5 жылда емес, 5 айда** жауап беру қабілетімен айқындалады

2030 ж. қарай қазіргі кәсіптердің **77%-ы** жоғалады

**Әрбір екінші мамандық** автоматтандырылады

Ықтимал шешім Жаңа кәсіптердің атласын жасаудан көрінеді, оның бірінші, түйінді міндеті – бұл кәсіби бағдар беру. Халыққа – ата-аналарға, талапкерлерге, жас мамандарға, орта жастағы адамдарға қандай да бір минимал құрал беру

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің enbek.kz порталында «Жаңа кәсіптердің атласы» жеке модулі орналастырылған.

Сондай-ақ ұялы қосымша құру жоспарлануда, өйткені қазіргі ұрпақ сайттарға қарамайды, сайттар да өледі. Кез келген адамның, жасөспірімнің, абитуриент пен отбасының – ойын форматында, түсінікті және қолжетімді түрде өз болашағын, нақты өз баласын, алдағы 5, 10, 15 жылдағы өзінің болашағын түсіну, бағалау мүмкіндігі болуы үшін мобильді қосымша геймификация форматында болады.

Возможное решение видится в разработке Атласа новых профессий, его первая, ключевая задача – это профориентационная. Дать какой-то минимальный инструмент населению – родителям, абитуриентам, молодым профессионалам, людям среднего возраста.

На портале enbek.kz Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан размещен отдельный модуль – «Атлас новых профессий».

Также планируется создание мобильного приложения, потому как сейчас современное поколение не смотрит сайты, сайты тоже умирают. Мобильное приложение будет в формате геймификации, чтобы любой человек, подросток, абитуриент, семья – имели возможность в игровом формате, понятном и доступном, понять, оценить свои перспективы, конкретно своего ребенка, свои перспективы на ближайшие 5, 10, 15 лет.

## НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ДЛЯ СИСТЕМ ОБРАЗОВАНИЯ И РЫНКА ТРУДА

Самые востребованные специальности **не существовали еще 10 лет назад**

Через 5 лет **более трети навыков** на рынке труда **изменятся** из-за **цифровой трансформации**

К 2020 г. сокращение 5 **млн. квалифицированных рабочих мест**

К 2030 г. замена **800 млн. рабочих мест** роботами

К 2026 г. выпускники школ столкнутся с тем, что **65% профессий** образца 2017 г. не существуют

Сегодня раз в **3-5 лет** возникает новая профессия. Ранее – каждые 20-30 лет

Конкурентоспособность страны определяется способностью реагировать на новые запросы **не 5 лет, а 5 месяцев**

К 2030-му году исчезнет **77%** нынешних профессий

**Каждая вторая специальность** будет автоматизирована

# EY БИЗНЕС АКАДЕМИЯСЫНАН «БОЛАШАҚТЫҢ 10 ДАҒДЫСЫ» ШЕБЕРХАНАСЫ

# МАСТЕРСКАЯ от АКАДЕМИИ БИЗНЕСА EY «10 НАВЫКОВ БУДУЩЕГО»



EY Academy of Business

**«БІЗ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, РОБОТТАР, НАНОТЕХНОЛОГИЯЛАР, 3D-БАСПА СИЯҚТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ ЖҰМЫС КҮШІНІҢ БІЛІМІ МЕН БІЛІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРҒА ӘСЕР ЕТКЕН ДӘУІРДЕ ӨМІР СҮРІП ЖАТЫРМЫЗ. ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ШАРТТАРДЫ ӨЗГЕРТЕДІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ДАЙЫН БОЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. 5 ЖЫЛДАН КЕЙІН БІЗ ЗАМАНАУИ АДАМДАРДА БАР ЖҰМЫС ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ 35%-ДАН АСТАМЫНЫҢ ӨЗГЕРГЕНІН КӨРЕ АЛАМЫЗ»,** - деп жазылған Future of Jobs Дүниежүзілік экономикалық форумының[30] баяндамасында. Кейбір кәсіптер жоғалып кетеді, басқалары дамиды, ал қазір тіпті жоқ кәсіптер – әдеттегі құбылысқа айналады.

**«МЫ ЖИВЕМ В ЭРУ, КОГДА СТРЕМИТЕЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ТАКИХ ТЕХНОЛОГИЙ, КАК ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ, РОБОТЫ, НАНОТЕХНОЛОГИИ, 3D-ПЕЧАТЬ ВЛИЯЮТ НА ТРЕБОВАНИЯ К ЗНАНИЯМ И УМЕНИЯМ РАБОЧЕЙ СИЛЫ. ЧЕТВЕРТАЯ ПРОМЫШЛЕННАЯ РЕВОЛЮЦИЯ МЕНЯЕТ УСЛОВИЯ, В КОТОРЫХ РАБОТАЕТ ЧЕЛОВЕК, И К НИМ НУЖНО БЫТЬ ГОТОВЫМИ. УЖЕ ЧЕРЕЗ 5 ЛЕТ МЫ СМОЖЕМ УВИДЕТЬ ИЗМЕНЕНИЕ БОЛЕЕ 35% РАБОЧИХ НАВЫКОВ, ИМЕЮЩИХСЯ У СОВРЕМЕННЫХ ЛЮДЕЙ»** – говорится в докладе Всемирного экономического форума Future of Jobs[30]. Некоторые профессии исчезнут, другие будут развиваться, а те, которых сейчас даже и не существует, – станут обычным явлением.

[30] http://weforum.org

2020 жылдың өзінде жұмыс істеп тұрған бірқатар кәсіптер жоғалады – оларды роботтар алмастырады, қалған кәсіптерге қажетті дағдылар тұрғысынан жаңа талаптар қолданылатын болады. VUCA әлем кәсіпкойларға өз талаптарын ұсынады және біз оларға дайын болуға көмектесеміз[31]!

Іс жүзінде кез келген салада қызметкерлердің шеберлігі мен дағдыларына қойылатын талаптар өзгеретін болады. Төртінші өнеркәсіптік революциямен қатар жүруге ниет білдірген кәсіпорындарға өз қызметкерлерінің жаңа жағдайларға бейімделуіне көмектесуге тура келеді.

Бірінші орынға талантты қойғандар табысқа жете алады. Деректерді талдауды, HR мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біз қатардан қалмай, болашақтың талабына қалай дайын болуды білетін боламыз. Будан басқа, жұмыс күшінің әртүрлілігі маңызды құрамдауыш болады, ал географиялық шекаралардың босаңсуы және алыстан жұмыс істеу мүмкіндігі – әлемнің кез келген елінен дарынды адамдармен ынтымақтасуға мүмкіндік береді[32].

Қарапайым орындаушыларға деген қажеттілік азаяды. Бірақ идеяларды түрлендіретін және міндеттерге сай келмейтін шығармашылық адамдарға жұмыс берушілер өте мүдделі болады.

2016 жылғы Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форум бүгін бар және одан әрі пайда болатын гуманитарлық мәселелерді шешудің кепілі ретінде білім беру мен даму мәселелеріне ерекше назар аударуымен есте қалды. Салыстыру үшін Форум сарапшылары 2015 жылы табысты мансап үшін қандай дағды өзекті болғанының және 2020 жылы қандай дағдылар маңызды болатынын көрсетті.

Механикалық жұмыс машиналарға беріледі, жұмыста көп процестер автоматтан-

Уже в 2020 году ряд существующих профессий исчезнет – их заменят роботы, к оставшимся профессиям будут применяться новые требования с точки зрения необходимых навыков. VUCA мир выдвигает свои требования к профессионалам, и мы поможем быть к ним готовым[31]!

Практически в любой сфере требования к умениям и навыкам сотрудников будут изменяться. Предприятиям, которые намерены идти в ногу с Четвертой промышленной революцией, придется помочь своим сотрудникам приспособиться к новым условиям. Добиться успеха смогут те, кто на первое место будут ставить талант. Используя анализ данных, возможности HR, мы будем знать, как не отставать и быть готовыми к вызовам будущего. Кроме того, важной составляющей станет и разнообразие рабочей силы, а размытие географических границ и возможность работать удаленно – позволят сотрудничать с талантливыми людьми из любой страны мира[32].

Потребность в простых исполнителях уменьшается. Зато в творческих людях, которые будут генерировать идеи и нестандартно подходить к задачам, работодатели будут крайне заинтересованы.

Всемирный экономический форум в Давосе в 2016 году запомнился особым вниманием к вопросам образования и развития – как залогу решения гуманитарных проблем, которые есть сегодня и будут возникать в дальнейшем. Для сравнения аналитики Форума представили таблицу, какие навыки были актуальны для успешной карьеры в 2015 году и какие будут важны в 2020-м.

При том, что все больше механической работы передается машинам, все больше процессов в работе автоматизировано, креатив-

[31] http://10skills.academyey.com
[32] http://weforum.org



## 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ 10 НЕГІЗГІ ДАҒДЫ / 10 КЛЮЧЕВЫХ НАВЫКОВ ДО 2020-ГО

| | 2015 | 2020 |
|---|---|---|
| 1 | Проблемаларды кешенді шешу<br>Комплексное решение проблем | Проблемаларды кешенді шешу<br>Комплексное решение проблем |
| 2 | Іс-қимылдарды басқаларымен үйлестіру<br>Координация действий с другими | Сын тұрғысынан ойлау<br>Критическое мышление |
| 3 | Адамдарды басқару<br>Управление людьми | Креативтік<br>Креативность |
| 4 | Сын тұрғысынан ойлау<br>Критическое мышление | Адамдарды басқару<br>Управление людьми |
| 5 | Өзара іс-қимыл, келіссөздер жүргізу<br>Взаимодействие, ведение переговоров | Іс-қимылдарды басқаларымен үйлестіру<br>Координация действий с другими |
| 6 | Сапа бақылауы<br>Контроль качества | Эмоциялық интеллект<br>Эмоциональный интеллект |
| 7 | Сервис-бағдар<br>Сервис-ориентация | Пікір білдіру және шешім қабылдау<br>Составление суждений и принятие решений |
| 8 | Пікір білдіру және шешім қабылдау<br>Составление суждений и принятие решений | Сервис-бағдар<br>Сервис-ориентация |
| 9 | Белсенді тыңдау<br>Активное слушание | Өзара іс-қимыл, келіссөздер жүргізу<br>Взаимодействие, ведение переговоров |
| 10 | Креативтік<br>Креативность | Когнитивті икемділік<br>Когнитивная гибкость |




дырылды, креативтік әзірше жасанды интеллектке тән емес, яғни маңызды шешімдер қабылдау және жағдайдың тез өзгеруіне ден қоюды адам жасайды, және дәл осы іске шығармашылық көзқарас қана ең жақсы нұсқаны таңдауға нақты көмектесе алады.

Белсенді тыңдау дағды ретінде 2020 жылға қарай өзекті болмайды, бірақ оны тұлғалық тартылудың жоғарырақ деңгейі – эмоциялық ақыл-ой алмастыратын болады.

Өндірістегі технологиялық сауаттылық оқу және жазу сияқты міндетті болады. Жаңа материалдарды білу, мобильді және бұлтты технологияларды қолдану, жасанды интеллектпен өзара іс-қимыл жасау – осының барлығы заманмен қатар жүргісі келгендер үшін міндетті талаптар. Бәріне – топ-менеджерден бастап, тағылымдамадан өтушіге дейін оқуға және бәрін қайта үйренуге тура келеді – соның арқасында әркім Төртінші өнеркәсіптік революциядан өз үлесін алатын болады.

Жасанды интеллект дәуірінде қалай талап етілетін болып қалуға болады? EY Бизнес академиясының жетекші бизнес-жаттықтырушылары мен оқытушылары Форумға қатысушыларды шеберлік сыныптарының жұмысына жан-жақты қатыстыра отырып, Бұл туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп берді.

ность пока что несвойственна искусственному интеллекту, а значит, принятие важных решений и реагирование на быстрое изменение обстановки остается за человеком, и помочь выбрать лучший вариант может именно творческий подход к делу.

Активное слушание как навык будет неактуально к 2020 году, зато его заменит более высокий уровень личностной вовлеченности – эмоциональный интеллект.

Технологическая грамотность в производстве станет обязательной, как умение читать и писать. Знание новых материалов, применение мобильных и облачных технологий, взаимодействие с искусственным интеллектом – все это обязательные требования для тех, кто хочет идти в ногу со временем. Учиться и переучиваться придется всем – от топ-менеджера до стажера, зато и выигрыш от Четвертой промышленной революции достанется каждому.

Так как же остаться востребованным в эру искусственного интеллекта? Об этом подробно рассказали ведущие бизнес-тренеры и преподаватели Академии Бизнеса EY со всесторонней вовлеченностью участников Форума в работу мастер-класса.

Индустриализация в XX веке сопровождалась серьезными изменениями в эконо-



XX ғасырдағы индустрияландыру экономика мен қоғамдағы елеулі өзгерістермен сүйемелденді.Ағымдағы өзгерістер ауқымы бойынша ұқсас, бірақ байланысты және күрделі әлемде болып жатыр. Құрылымдық жұмыссыздықтың пайда болу қаупі жоғары. Жұмыспен қамтылмаған адамдар жұмыс таба алмайды, өйткені оларда бар дағдылар нарықта сұранысқа ие болмайды.

мике и обществе. Текущие изменения сходны по масштабам, но происходят в более связном и сложном мире. Высок риск возникновения структурной безработицы. Незанятые люди не смогут найти работу, так как навыки, которыми они обладают, не будут востребованы на рынке.



**НАТАЛЬЯ РАШИТОВА**
EY Бизнес академиясының менеджері, аға оқытушы-консультанты

**НАТАЛЬЯ РАШИТОВА**
Менеджер, Старший преподаватель-консультант Академии бизнеса EY



**ОКСАНА ШИНТЕМИРОВА**
EY Бизнес Академиясының кредиттік жобалар, қаржылық талдау, тәуекелдерді басқару саласындағы маманы

**ОКСАНА ШИНТЕМИРОВА**
Специалист в области кредитных проектов, финансового анализа, управления рисками Академии бизнеса EY



**АЛУА АХМЕТОВА**
EY Бизнес академиясы тұлғааралық және бизнес-коммуникациялар, жеке және командалық тиімділік, көпшілік алдында сөз сөйлеу, көшбасшылық, басқару коучингі тақырыптары бойынша тренингтер мен сессиялар өткізу саласындағы маман

**АЛУА АХМЕТОВА**
Специалист в области проведения тренингов и сессий по темам межличностных и бизнес-коммуникаций, личной и командной эффективности, публичных выступлений, лидерства, управленческого коучинга Академии бизнеса EY

## EY БИЗНЕС АКАДЕМИЯСЫ БОЛАШАҚТЫҢ 10 ДАҒДЫСЫН АТАП КӨРСЕТТІ[33]:

**ПРОБЛЕМАЛАРДЫ КЕШЕНДІ ШЕШУ.** Бұл жұмыста және өмірде проблемаларды шешуге тұтас жақындай білу және оңтайлы шешім табу қабілеті.

**СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ.** Бұл болып жатқан оқиғаға өз бағасын жасауға, оны түсіндіруге, негізделген қорытындыларды талдауға және тұжырымдауға көмектесетін пайымдаулар жүйесі.

**КРЕАТИВТІК ОЙЛАУ.** Бұл міндеттерді стандартты емес шешу және мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін жасау қабілеті.

**АДАМДАРДЫ БАСҚАРУ.** Бұл көшбасшы болу, ортақ мақсатқа жету үшін адамдарды ұйымдастыру, ынталандыру және шабыттандыру, команда ішіндегі мәдениетке және атмосфераға әсер ету.

**ӨЗАРА ТИІМДІ ІС-ҚИМЫЛ.** Бұл әртүрлі адамдармен тіл табыса білу, кез келген жағдайда сенімді болу, жанжалдарды болдырмау және командада жұмыс істеу қабілеті.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУ.** Бұл ақпаратты тез жинау, содан кейін жасау және табысты шешім қабылдау қабілеті.

**КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАУ.** Бұл клиенттің мүддесін басымдыққа қою және соның негізінде оған шешім ұсыну қабілеті.

**КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ.** Бұл өзара тиімді шарттарда басқалармен келісіп, ағымдағы мүдделер мен ұзақ мерзімді қатынастар арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу.

**ОЙЛАУ ИКЕМДІЛІГІ.** Бұл ақпаратты жеке түсіндірмесіз қабылдау және жаңа көзқарастар мен идеяларға ашық болу қабілеті.

**ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ.** Бұл сіздің мақсаттарыңыз бен міндеттеріңізге кедергі жасамай, оларға қол жеткізуге жұмыс істеуі үшін өз эмоцияларын басқару және қолайлы атмосфера жасау қабілеті.

[33] http://10skills.academyey.com



## АКАДЕМИЯ БИЗНЕСА EY ВЫДЕЛИЛА 10 НАВЫКОВ БУДУЩЕГО[33]:

**КОМПЛЕКСНОЕ РЕШЕНИЕ ПРОБЛЕМ.** Это умение целостно подходить к решению проблем в работе и жизни и находить оптимальное решение.

**КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ.** Это система суждений, помогающих создавать собственную оценку происходящему, интерпретировать его, анализировать и формулировать обоснованные выводы.

**КРЕАТИВНОЕ МЫШЛЕНИЕ.** Это способность нестандартно решать задачи и вырабатывать новые способы достижения цели.

**УПРАВЛЕНИЕ ЛЮДЬМИ.** Это умение быть лидером, организовывать людей для совместного достижения общей цели, мотивировать и вдохновлять, влиять на культуру и атмосферу внутри команды.

**ЭФФЕКТИВНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ.** Это умение находить подход к разным людям, быть убедительным в любых ситуациях, предотвращать конфликты и работать в команде.

**ИННОВАЦИОННОЕ МЫШЛЕНИЕ.** Это способность быстро собирать информацию, а затем генерировать и принимать удачное решение.

**КЛИЕНТООРИЕНТИРОВАННОСТЬ.** Это способность ставить интересы клиента в приоритет и на основе этого предлагать ему решения.

**ВЕДЕНИЕ ПЕРЕГОВОРОВ.** Это умение договариваться с другими на взаимовыгодных условиях, поддерживать баланс между текущими интересами и долгосрочными отношениями.

**ГИБКОСТЬ МЫШЛЕНИЯ.** Это умение воспринимать информацию без личной интерпретации и быть открытым к новым подходам и идеям.

**ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ.** Это способность управлять своими эмоциями и сделать так, чтобы они работали на достижение ваших целей и задач, а не мешали им, создавать благоприятную атмосферу.

Сафи Өтебаевтың 110 жылдығына және Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған

# АРНАЙЫ СЕССИЯ

# СПЕЦИАЛЬНАЯ СЕССИЯ, посвященная 110-летию Сафи Утебаева и 120-летию казахстанской нефти




**БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ XI ЖАСТАР ФОРУМЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ПАТРИАРХЫ САФИ ӨТЕБАЕВТЫҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ СЕССИЯ ӨТКІЗУ КӨЗДЕЛДІ.**

Іс-шараның ашылуы мұнай саласы ардагерлерінің – KAZENERGY қауымдастығы Төрағасының орынбасары Ұзақбай Сулейменұлы Карабалиннің және Төлеген Айшеұлы Хасановтың қатысуымен өтті

Сала ардагері Ұ.Қарабалин өзінің кәсіби шыңдарына өрлеуін Ембі кәсіпшілігінде бастаған.

Сафи Өтебаев туралы өз естеліктерінде Ұ. Қарабалин дәл осы Сафи ағаның бастамасы бойынша кеңес дәуірінде 20 жыл бойы еліміздің ең үздік ЖОО-сы батыс өңірінің тумалары болған 100 студентті оқуға конкурссыз қабылдағанын және қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Мұнай факультетінің ашылуының басы-қасында тікелей Сафи Өтебаевтың өзі болғанын

**ПРОГРАММОЙ XI МОЛОДЕЖНОГО ФОРУМА В ЭТОМ ГОДУ БЫЛО ПРЕДУСМОТРЕНО ПРОВЕДЕНИЕ СПЕЦИАЛЬНОЙ СЕССИИ, ПОСВЯЩЕННОЙ 110-ЛЕТИЮ ПАТРИАРХА КАЗАХСТАНСКОЙ НЕФТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ САФИ УТЕБАЕВА И 120-ЛЕТИЮ КАЗАХСТАНСКОЙ НЕФТИ.**

Открытие мероприятия состоялось с участием ветеранов нефтяной отрасли – заместителя Председателя Ассоциации KAZENERGY Карабалина Узакбая Сулейменовича и Хасанова Толегена Айшевича.

